

## 2011 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Степногорск қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № А-8/446 қаулысы. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 17 қаңтарда № 1-2-138 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 03-45ш/2838 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 05.11.2014 № 03-45ш/2838 хатымен).**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережесіне сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2011 жылы Степногорск қаласының, Ақсу, Бестөбе, Заводской, Шаңтөбе кенттерінің және Қарабұлақ ауылының ұйымдарында қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. Степногорск қаласы, Ақсу, Бестөбе, Заводской, Шаңтөбе кенттерінде және Қарабұлақ ауылындағы ұйымдардың қоса берілген тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және шарттары, қатысушылардың еңбек ақысының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін.

3. Степногорск қаласы әкімдігінің «2010 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» 2010 жылғы 22 қаңтардағы № А-1/21 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-2-127 тіркелген, 2010 жылғы 11 наурызда «Степногорск Ақшамы» және «Вечерний Степногорск» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Г.Ә.Сәдуақасоваға жүктелсін.

5. Степногорск қаласы әкімдігінің осы қаулысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі

А.Никишов

КЕЛІСІЛДІ

«Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасының жанындағы Степногорск қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық

кәсіпорнының бас дәрігері

А.Дүйсенов

Ақмола облысы мұрағаттар мен құжаттамалар басқармасының

«Степногорск қаласының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Л.Мұхамедина

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі Ақмола облысы бойынша Салық департаменті

«Степногорск қаласы бойынша салық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Д.Бекболатов

«Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті

Степногорск қаласының ішкі істер бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Е.Мұқанов

«Ақмола облысы Степногорск қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Н.Асылбеков

Қазақстан Республикасының

төтенше жағдайлар жөніндегі

Министрлігі төтенше жағдайлар

жөніндегі департаменті

Степногорск қаласының төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің

бастығы

М.Шапағатов

«Қазақстан Республикасының Әділет

министрлігі Ақмола облысы бойынша

Әділет департаменті

«Степногорск қаласының әділет басқармасы»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Р.Тайшыбеков

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі Ақмола облысының «Зейнетақыны төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» бөлімшесі мемлекеттік республикалық қазыналық кәсіпорыны Степногорск қалалық зейнетақыны төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы бөлімшесінің бастығы Л.Заворыкина

Қазақстан Республикасының статистика Агенттігі Ақмола облысы статистика департаменті Степногорск қаласының статистика басқарамасының бастығы А.Орлова

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының жанындағы әкімшілік соты бойынша комитеті Ақмола облысының Әкімшілік соттар Степногорск қалалық сотының төрағасы Қ.Тоқсанбаев

Қазақстан Республикасы экономикалық қылмысқа және жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Агентігі Ақмола облысының экономикалық қылмысқа және жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Департаменті «Бурабай аймағы бойынша қаржы полициясының ауданаралық бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығы Т.Мамырбаев

Степногорск қаласы әкімдігінің  
2010 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ А - 8 / 4 4 6 қаулысымен  
бекітілген

**Степногорск қаласы, Ақсу, Бестөбе, Заводской,  
Шаңтөбе кенттерінде және Қарабұлақ ауылындағы  
ұйымдар тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі  
және шарттары, қатысушылардың еңбек ақысының мөлшері  
және оларды қаржыландыру көздері**

--	--	--	--

№	Ұйымның атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қоғамдық жұмыстардың көлемі
1	«Степногорск қаласы әкімінің аппараты» ММ	құжаттарды өңдеуге көмектесу	1045 құжат
2	«Ақсу кенті әкімінің аппараты» ММ	әлеуметтік карталарды толтыру кезінде көмек көрсету	953 құжат
		аумақтарын жинау	600000 шаршы метр
3	«Бестөбе кенті әкімінің аппараты» ММ	аумақтарын жинау	800000 шаршы метр
4	«Заводской кенті әкімінің аппараты» ММ	әлеуметтік карталарды толтыру кезінде көмек көрсету	926 құжат
		аумақтарын жинау	85000 шаршы метр
5	«Шаңтөбе кенті әкімінің аппараты» ММ	әлеуметтік карталарды толтыру кезінде көмек көрсету	1879 құжат
		аумақтарын жинау	600000 шаршы метр
6	«Қарабұлақ ауылы әкімінің аппараты» ММ	әлеуметтік карталарды толтыру кезінде көмек көрсету	318 құжат
		аумақтарын жинау	150000 шаршы метр
7	«Степногорск қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ	құжаттарды өңдеуге көмектесу	840 құжат
8	«Степногорск қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ	халықты әлеуметтік сауалнаманы өткізуінде көмек көрсету	4500 адам
9	Степногорск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жанындағы «Горкоммунхоз» ШЖҚ МКК	қала аумақтарын жинау және көгалдандыру	372000 шаршы метр
10	Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Степногорск қалалық емхана» МКҚК	құжаттарды өңдеуге көмектесу	1800 құжат

11	Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының жанындағы әкімшілік соты бойынша комитеті Ақмола облысының Әкімшілік соттарының Степногорск қалалық соты	курьердің жұмысы	1140 құжат
12	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі Ақмола облысының «Зейнетақыны төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» бөлімшесі мемлекеттік республикалық қазыналық кәсіпорыны Степногорск қалалық зейнетақыны төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының бөлімшесі	құжаттарды өңдеуге көмектесу	6000 құжат
13	Қазақстан Республикасының статистика Агенттігі Ақмола облысы статистика департаменті Степногорск қаласының статистика басқармасы	құжаттарды өңдеуге көмектесу	3960 құжат
14	«Ақмола облысы Степногорск қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» ММ	курьердің жұмысы	600 құжат
15	«Степногорск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ	құжаттарды өңдеуге көмектесу	1560 құжат
16	«Степногорск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ	құжаттарды өңдеуге көмектесу	23117 құжат
17	«Ақмола облысының халыққа қызмет көрсету орталығы» ММ Степногорск қаласындағы филиалы	құжаттарды өңдеуге көмектесу	4500 құжат
18	Ақмола облысының мұрағаттық және құжатнама басқармасы «Степногорск қаласының мемлекеттік мұрағат» ММ	құжаттарды өңдеуге көмектесу	2700 құжат
19	«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Степногорск қаласының ішкі істер бөлімі» ММ	курьердің жұмысы	1200 құжат
20	«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ақмола облысы бойынша Әділет департаменті «Степногорск қаласының әділет басқармасы» ММ	халықты құжаттау, мүлікті тіркеу, азаматтық хал актілерін жазбаларын мәселелері жөніндегі мұрағаттық құжаттарды ресімдеуге көмектесу	400000 құжат
21	Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Министрлігі төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті Степногорск қаласының төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы» ММ	құжаттарды өңдеуге көмектесу	800 құжат
22	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ақмола облысы бойынша Салық департаменті «Степногорск қаласы бойынша салық басқармасы» ММ	курьердің жұмысы	25000 құжат
23	Степногорск қаласының білім беру жанындағы «Балалар шығармашылық үйі» ШЖҚ МКҚК	құжаттарды өңдеуге көмектесу	800 құжат
24	«Ақмола облысының сот актілерін орындау жөніндегі Департаментінің Степногорск аумақтық сот орындаушылар бөлімі» ММ	құжаттарды өңдеуге көмектесу	1200 құжат
25	Қазақстан Республикасы экономикалық қылмысқа және жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Агентігі Ақмола облысының экономикалық қылмысқа және жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Департаменті «		1350 құжат



ШЖҚ МКК – шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық  
к ә с і п о р н ы ;  
МҚКК – мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК